| | | |
|---|---|---|
| | **ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР АКАДЕМИЯСЫ** | Тр 017-11.05-2025 |
| | Талап<br>Нормативтік құжат түрі | 30.04.2025 ж |

**«БЕКІТЕМІН»**
Темірбек Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы қабылдау комиссиясының төрағасы
_______________А. Жудебаев
(2025 жылғы «___» «______»№ __ Ғылыми кеңес хаттамасы)

# 6В02198 «АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ, ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША 2025 – 2026 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ ТАЛАПКЕРЛЕРІНЕ АРНАЛҒАН ТАЛАПТАР

**Алматы, 2025 ж.**

**Құрастырушы:**

1. Молдашева А.К. – э.ғ.к., профессор, «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедра меңгерушісі.

2.Мусаева А.А. – э.ғ.к., «Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасың доценті.

«Арт-менеджмент және продюсерлеу» кафедрасы отырысында ұсынылған.

«___» _________2025 жыл. №____ хаттама

«Арт-менеджмент және продюсерлеу»
кафедра меңгерушісі _________________ Молдашева А.К.

«___» _________2025 жыл. №____ хаттама

«Арт-менеджмент және продюсерлеу»
кафедраның академиялық сапа
жөніндегі кеңесінде мақұлдады _________________ Мусабаев К.М.

# «АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ,ПРОДЮСЕРЛЕУ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ
## («Арт-менеджмент», «Продюсерлеу»)

«Арт-менеджмент» оқу бағдарламасы бойынша толық кәсіби оқу бағдарламасын меңгеріп жатқан талапкерлердің бұған дейінгі білім деңгейі:

-Орта (толық) жалпы білім(өнер саласында 5-7 жылдық білімі болғаны дұрыс);

-Өнер салалары бойынша орта-арнайыбілімі болғаны абзал.

Талапкердің:

-Жалпы білім және интеллектуалдық деңгейі жоғары;

-Шығармашылық және кәсіпкерлік ой-қабылетімейлінше жетілген;

-Музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кинематография салаларынан толыққандысауаты бар;

-Ассоциативті-бейнелі ойлау жүйесі біршама қалыптасқан болуы тиіс;

-Компьютермен жұмыс жасай білуі керек.

Талапкерлермен Қазақстандағы заманауи көркемөнер мен мәдениеттің көкейтесті мәселелері бойынша алдын ала әңгімелесу өткізіліп, таңдаған мамандығы туралы түсінік-пайымы пысықталады.

### Шығармашылық емтихандары:

**1. Арт – жобасының презентациясы**

**Қойылатын талаптар:**

Талапкер емтиханда:

- Жобаның алдын-ала берілген үлгі бойынша (*титулдық парақ + 3 беттік компьютерлік мәтін, TimesNewRoman 14 кегель*) орындалған жазбаша сипаттамасын;

- PowerPoint (10–15 слайд) бағдарламасында жасалған слайд-шоу және ауызша таныстырылым ұсынады.

Жобаға қойылатын талаптар: ауызша және жазбаша сауатты тіл, өнер немесе креативті индустрия саласынан дайындалған жоба, шынайы, тың идея.

**2. Әңгімелесу /коллоквиум/ (**3 сағат).
**Қойылатын талаптар:**

Әңгімелесу арқылы талапкерлердің жалпымәдени даму деңгейі, әлеуметтік-мәдени қызметке ынталылығы мен бейімділігі, адамдармен өзара

дұрыс қарым-қатынас жасай білу қабылеті анықталады. Талапкер қойылған сұрақтардың мазмұнын толық ашуы қажет. Арт-менеджерліктен үміткерлерге қойылар басты талап – мәдениет пен өнер және арт-менеджменттің даму мәселелерінен жан-жақты хабардар болуы қажет. Талапкердің музыка, бейнелеу өнері, әдебиет, театр, кинематография салаларынан айтарлықтай білімі болуы шарт. Танымал суретшілер, композиторлар, әртістер мен орындаушыларды білуі керек. Киноөнер, театр, әдебиет салаларының жанрларын тарқата алуы, аталған өнер түрлерінің тарихын жақсы білгені абзал.

**«Арт-менеджмент және продюсерлеу»**
**кафедрасының меңгерушісі** **Молдашева А.К.**